



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА МЕДИАСЫНДАҒЫ ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ ПУБЛИЦИСТИКАНЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Измахан Сұңғат Жұмағалиұлы

*sungat.izmakhan@gmail.com*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ журналистика  
мамандығының 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – М.Б.Тоқтағазин

Адам баласы жаратылғаннан бері өзара хабар алмасу әрқашан қажеттілік болып келді. Ақпаратты жолдаудағы коммуникацияның шешуші құралдарының бірі ретінде хат әр заманда да ерекше мәнге ие болды. Бұл әлеуметтік-саяси, экономикалық мәні зор байланыс тетігі қоғамымыздың барлық бұтақтарында, адамдардың арасында ерекше қажеттілікке ие.

Бүгінгі таңдағы бұқаралық ақпарат құралдары күн сайын жоғары қарқынмен дамып жатқан тұста хаттың коммуникация құралы ретіндегі зор маңызы одан сайын жаңа сипатқа ие бола бастады. Бүгінгі таңда ғаламтор жүйесі инновациялық тұрғыда ерекше дамыған кеңістік ретінде өміріміздегі көптеген жүйелерді адам танымастай өзгерістерге ұшырата бастады. Қазір интернет арқылы адам өзінің көптеген мәселелерін шеше алады әрі шұғыл коммуникациялық байланысқа түсу мүмкіндігі шексіз.

Әсіресе жаңа медиа тың серпінмен дамып, тұтынушылардың жиі қолданатын өнімі ретінде қалыптаса бастаған тұста осы соқталы медиакеңістіктегі эпистолярлық публицистиканың ерекше сұранысқа ие болатындығы заңды құбылыс. Қазір эпистолярлық контенттің жаңа медиада көрініс табу ерекшеліктері күн сайын өзгерістерге ұшырауда.. Бұл қазіргі кезде ерекше өзекті тақырып. Оны зерттеу көп жайттарға қанығуға мүмкіндік береді.

Эпистолярлық публицистиканың жаңа медиада қалыптасуы мен дамуы туралы бұл тақырып елімізде терең зерттелген жоқ. Бірқатар ойлар ортаға салынып жүргенімен оны жан-жақты зерделеген ғалымдар жоқтың қасы. Дегенмен жекелеген адамдар арасында да, мекемелер арасында да хаттың орны әрқашан маңызды боп қала береді.

Бүгінде Қазақстан сайттары мен порталдарындағы, телерадиоадағы эпистолярлық мәтіндер мен видео, аудио өнімдеріне талдау жасау арқылы осы мәселенің жаңа медиада пайда болуы, дамуы, келешегі туралы ойларымды ортаға салғым келеді. Эпистолярлық көсемсөз жанрының жаңа медиада қалыптасуы, оның бүгінгі ақпарат кеңістігіндегі, соның ішінде сайттар мен порталдардағы, телерадиоадағы көрінісі терең талдауды қажет етеді.

Сөз басында жалпы жаңа медиа төңірегінде айтылған теориялық анықтамаға жүгінуді жөн көрдім: «Жаңа медиа ХХ ғасырдың соңында фильм, сурет, музыка, ауызекі және жазбаша сөз тәрізді дәстүрлі медианы қамтитын компьютер мен коммуникациялық технологиялардың, компьютермен лайықталған құрылғылар мен Интернеттің интерактивті қызметтерін танытатын медиа ғылымда пайда болған термин. Бұл ұғымның ауқымы өте кең. Мысалы, жаңа медиа медиа контентке жатататын барлық мәліметтерге кез келген уақытта, әртүрлі компьютерлі құрылғылардың көмегімен қол жеткізіп, пікірлесуге, жаңа мәлімет енгізуге және бірнеше адамның бірігіп, ақпарат түзуіне мүмкіндік беруді де сипаттайды. Жаңа медианың келесі бір қыры медиа контентті жариялау, тарату, тұтыну және әзірлеудегі еркіндіктің берілуімен құнды. Жаңа медианың дәстүрлі медиадан айырмашылығы контенттің сандық форматта бит өлшемдеріне дейін ұсақталуында жатыр. Сонымен қатар жаңа медиада контент онлайн режимде де қарқынды түрде әзірленуімен ерекшеленеді» [1].

Ал эпистолярлық публицистикада жаңа медианың нақты көрінісі ретінде онлайн режимде байланысқа түсу жиі көрініс табуда. Қазір техниканың дамыған заманы. Тек компьютер ғана емес, смартфондар арқылы да онлайн режимде адресант пен адресат еркін байланысқа түсе алады. Әдеттегі мәтінмен тілдесуден бөлек мұнда фотосуреттерді, видеоларды салу арқылы да ойын кеңінен жеткізу мүмкіндіктері бар.

Бұрын ойды қағазға түсіріп жіберу ғана жолға қойылған болса, жаңа медианың қарыштап дамуына байланысты адамдар ноутбукпен өзара хат алмасып, мол ақпаратқа қаныға алады.

Жоғарыда айтылған дереккөзде тағы бір мынадай ой айтылған: Wikipedia - онлайн энциклопедиясы жаңа медиа құбылысын түсіндірер жақсы мысал. Оған тіркелген қолданушылар бірігіп, бірнеше редакторлар мен демеушілердің қатысуымен интерактивті қауымдастық құрылып, сілтемелер арқылы жалғаннан мәтіндер, суреттер мен видеолар жариялайды [1]. Эпистолярлық контент түзілгенде де осы айтылғандардың бірқатары қамтылады.

Бір мысал келтірейін. Белгілі журналист, республикалық «Айқын» газетінің бас редакторы Нұртөре Жүсіп 8 наурыз әйелдер күні мейрамы күні (08.03.2016ж.) анасына Фейсбук әлеуметтік желісі арқылы хат жолдап, былайша құттықтаған: Алемнин жарығын сыйладың сен маған! Анашым туган кунинизбен! Биз Сизге қарыздармыз. Тун уйқыңызды торт болип, бизге берген ак сутинизди актай алсак болганы! Казах Елинин барша аналары мен аруларын мерекемен куттықтаймын! Аман болыңыздар! (Смартфоннан терілгендіктен бе, контентті өзгеріссіз бердім С.И.) Анасының фотосы берілген. Ал жақында Нүрекең былай деп жазыпты: Bugin anamnyn tugan kuni...quttyqtaityn edim jyl saiyn...Nemerem aitady 'Dau aje qaida ketken? Narsha ajeni aspanga ketti deidi, aspanga nege ketedi, kelmei me?' dep..Ne derimdi bilmei qalamyn...Anasy bar adamdar, analarynyzdy aialanyzdar! Barlyq qazaq anasyn merakesimen quttyqtaimyn!

Пост иесіне бірнеше адам пікір жазыпты. Төмендегідей.

Қуаниш Сапарбаев Анамызды Алла панасына алсын! Өте жақсы адам еді. Қанша адамдар, әкімдер келіп жатсада, бізді ұмытпай, ей Елдос, ей Аман (мені Аман деп атайды, әкемнің атығой) тамақ іштіңба? Ішсей дей беретін еді. Жаннатта болсын!

Зубаира Акимова Анаңыздың жаны жаннатта болсын!

Қазіргідей интернет дамыған шақта жаңа медианың мүмкіндіктері көбейе түсуде. Егер адам қаласа мәтінмен ғана емес, түрлі суреттермен, видеоарнаумен де құттықтау жолдай алады. Сонымен қатар ғаламторда ғана емес, телевизиядан да әртүрлі форматта құттықтау жолдай алады. Бұл жерде адресанттың техника тілін қаншалықты меңгергені рөл атқарады.

Жаңа медиа туралы бірнеше кәсіби маманның пікірін келтірудің артықшылығы болмас.

Есенгүл Кәпқызы, «Мінбер» (minber.kz) Ұлттық интернет газетінің редакторы: — Бұл ғасыр — технологиялар ғасыры. Елімізде ақпараттық технология жедел дамып келеді. Алдағы екі-үш жылдықта интернетті пайдаланушылар саны күрт артуы мүмкін. Алайда қазір сұранысты толық қамтамасыз етіп отырмыз дей алмаймыз, өйткені интернеттегі қазақтілді ресурстардың саны аз. Деректерге қарағанда, «kz» доменінде тіркелген сайттардың 10 пайызы ғана қазақ тілінде екен. Соның ішінде санаулы сайттар ғана тұрақты жұмыс жасап тұр. Дегенмен, 2008 жылдан бастап қазақ тіліндегі сайттардың дамуы өте қарқынды жүрді, саны көбейді, қазір қазақтілді басылымдардың жиырмадан астамының интернет нұсқасы бар.

Тек мәтіндік қана емес, мультимедианы (яғни, аудио, бейне материалдарды) қоса қолданып отырған сайттарды да ерекше айтар едім. Мысалы, мультимедианы жақсы пайдаланып отырған, АҚШ қаржыландырып отырған «Азаттық» сайтының қазақтілді нұсқасы мен Stan.tv сайтын атап өтуге болады [2].

Дәурен Қуат, Abai.kz ақпараттық порталының бас редакторы:

— Интернет журналистика, яғни жаңа медиа технология дәстүрлі журналистикадан несімен ерекшеленеді?

Біріншіден, ақпаратты жылдам бере алатындығымен. Телевизияда бір ақпаратты жасауға тұтас шығармашылық топ қатысады, радиода да солай, мерзімді басылым екібастан баспадан басылып шыққанша біраз уақыт өтеді. Интернет журналистиканың артықшылығы сол, оқиғаның ортасында болған адам журналистің қызметін атқара алады, яғни интернет сайттарға, олардың электронды пошталарына, редакцияларына хабарласып, ақпаратты дереу жеткізуге мүмкіндігі бар.

Енді ғана бағыт-бағдарын айқындап келе жатқан жаңа медиа туралы түсінік әлі толық қалыптасып үлгерген жоқ. Сондықтан дәстүрлі журналистика өкілдері де, оқырмандары да жаңа медиаға жатсына қарайды, оны уақытша нәрсе, не еріккеннің ермегі деп санайды. Батыс елдерінде қарқынды дамып келе жатқан интернет журналистика қазір саясатқа, қоғамдық өзгерістерге, адамдардың ой-санасына ықпал ете алатын күшке ие болып үлгерді. Ал біздің елдегі медианың нағыз гүлденер кезеңі алда деуге болады. Өйткені ол ешқандай қоғамды жатсынбай тез дамитын сала. Оның мысалы ретінде тұрақты жұмыс жасап жатқан Abai.kz ақпараттық порталы, «Мінбер» (minber.kz) Ұлттық интернет газеті, «Замандас», Masa.kz, Bag.kz секілді сайттарды айтуға болады.

Әуелгіде ой бөлісетін, түрлі тақырыптарды талқылайтын форма ретінде қалыптасқан қазақтілді сайттар қазір ақпараттық-сараптамалық материалдар беретін пәрменді ақпарат құралына айналып келе жатыр.

Қазақстанда ақпараттық технологиялық саланы дамыту, интернеттендіру жақсы жүргізіліп жатқандықтан, қазіргі қоғамда мектеп жасындағы баладан бастап 40-50 жасқа дейінгілер толық ғаламторда отыр деп айтуға болады.

Шавқат Сабыров, Қазақстан Интернет компаниялары қауымдастығының төрағасы:

— Қазақ тіліндегі интернет ресурстардың саны жыл сайын артып келе жатыр. Өкінішке қарай, былтырдан бері мониторинг жүргізу жұмыстары тоқтап қалды, оны қалпына келтіру жұмыстарын қазір қолға алып жатырмыз. Ал ескі дерекке сүйеніп айтсақ, 2004 жылы сайттардың 4 пайызы ғана мемлекеттік тілде болса, 2009 жылдың соңына қарай бұл 10 пайызға өсті. Ал дәл бүгінге нақты мәлімет жоқ.

Қазір, біздің ойымызда қалыптасып қалғандай, тек Астана не Алматы қалаларында ғана емес, облыстарда да қазақтілді интернет ресурстарының саны жедел өсіп келеді.

Қазір сайт жасау аса қиын, күрделі шаруа емес. Алайда қол байлап отырған бір мәселе бар, ол — сайт жасаушыға қажетті дүниелердің барлығы не орыс, не ағылшын тілдерінде. Сондықтан біз сайт жасау барысына қажетті негізгі бағдарламаларды, басқару жүйесін қазақ тіліне аудару жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Яғни кез келген сайт ашқысы келген адам *Word Press.com* тұғырнамасына кіріп, сайт жасауға қажетті қазақ тіліндегі бағдарламаны тегін пайдалана алатын болады.

Аршат Оразов, IT маманы, сайт жасаушы:

— Менің жасаған сайттарымның нақты саны жоқ. Дегенмен, менің басты сайттарым деп ақпараттық сайттар, яғни газеттерге арналған жобаларды айтуға болады. Әу баста мен облыстық қоғамдық-саяси «Ақтөбе» газетінің сайты жасаушы ретінде таныла бастадым. Жалпы, сол тұста «Ақтөбе» газеті облыстық газеттердің арасында өзінің сайты ашқан алғашқы басылым еді. Одан кейін «Егемен Қазақстан» газетінің сайты біраз өзгертіп, жоғары деңгейге көтере алдым деп ойлаймын.

Негізінен, кез келген нәрсені жасамас бұрын оған сұраныс болуы керек. Осы тұрғыдан алсақ, бізде жеке іздеу торабы, пошталық жүйенің жоқтығының басты себебі — оларды қолданушылардың аздығы. Қазақтілді халық негізінен ауылда тұрады, өкінішке қарай, көп ауылға интернет әлі жеткен жоқ. Тіпті ұялы телефон операторлары да жете қоймаған. Сондықтан бірінші кезекте шалғайдағы ауылды аймақтарды дамытсақ, қазақтілді интернет қолданушылары да көбейеді. Сұраныс артқан соң, заңды түрде қызмет түрлері де арта түседі.

Екіншіден, қазақ тіліне деген немқұрайдылық та саланың дамуын тежеп тұр. Біреулер бұған көп қаржы керек дейді. Ал шын мәнінде, қазақша сайттар жасау үшін көп қаржының қажеті жоқ. Тек қазақ тілінде үлкен портал жасау үшін, әрине, оған Үкімет тарапынан қолдау қажет. Өйткені Үкімет оның мазмұнын қадағалаудан бөлек, авторлық құқық сияқты талаптардың орындалуын қамтамасыз етуі тиіс [2].

Осы айтылған ойларды ескере отырып, мынадай қорытындыларға келуге болады. Жаңа медиа негізінен алғанда Қазақстанда әбден орнықты деуге ертерек. Алайда оның қазақтілді интернетке кіріге бастағанын да жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен де қазақша контенттің сапасын жақсарту бағытында атқарылар шаруа көп. Әсіресе эпистолярлық сапалы контент жаңа медиада кеңінен қанат жайғаны керек. Ол үшін осы бағытта кешенді жұмыс

жүргізілуі қажет. Әсіресе теориялық тұрғыдағы тұғырнамасы нақтыланса интернет қолданушыларына да көп пайдасын тигізер еді. Сонда эпистолярлық публицистика да жанданар еді.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жақсы мақала. [Электрондық ресурс]. – Кіру тәртібі: <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
2. Жаңа медиа — қазақ интернет-журналистикасы [Электрондық ресурс]. – Кіру тәртібі: <http://www.aktobegazeti.kz/?p=12863>

УДК.070

### ОСВЕЩЕНИЕ ТЕРРОРИСТИЧЕСКОГО АКТА В АКТОБЕ 5 ИЮНЯ 2016 ГОДА КАЗАХСТАНСКИМИ ИНТЕРНЕТ-СМИ

**Кадир Айгюзель Мараткызы**

*[Aiguzel\\_kadir@mail.ru](mailto:Aiguzel_kadir@mail.ru)*

Магистрант специальности журналистика ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Астана, Казахстан

Научный руководитель – А.К. Ишанова

5 июня 2016 года в Актобе произошел террористический акт, в результате которого погибли 17 человек: 3 местных, 3 силовиков и 11 террористов. В Казахстане был введен желтый уровень террористической опасности. Нападения на оружейные магазины "Паллада" и "Пантера" назвал терактом министр внутренних дел том, что эту перестрелку можно называть терактом - заявил министр внутренних дел Калмуханбет Касымов. Первые сообщения о перестрелке в городе Актобе стали распространяться в 16:00 по времени Астаны в социальных сетях. очевидцы выкладывали видео в сетях о том, что нескольких районах, в том числе и возле оружейного магазина "Паллада" раздаются выстрелы. В социальных сетях выдвигались разные сведения о жертвах перестрелки.

Согласно информационному portalу "Tengrinews.kz" первая официальная информация распространилась только спустя два часа. МВД распространило информацию о том, что неизвестные напали на два местных оружейных магазина 5 июня во второй половине дня. Также полиция сообщила, что продавец магазина, который успел нажать кнопку тревожного вызова, получил множественные ножевые ранения, от которых скончался на месте. Тем временем, в социальных сетях пользователи жаловались на перебои с интернетом. На Facebook Эльвира Аткиева написала: "Сегодня с утра созвонилась с братишкой, узнать, как у них дела. Интернета в Актобе до сих пор нет со вчерашнего дня. <...> На улицах не все спокойно. В городе страх".

Мессенджеры и приложения стали площадкой для распространения фото и видео, где якобы были предполагаемые преступники. Тогда журналисты, видя панику в городе, посылали запросы в соответствующие структуры, чтобы подтвердить или опровергнуть распространенные в сети фото и видео файлы. Пресс-секретарь МВД РК Алмас Садубаев прокомментировал, что несколько распространенных видео были распространены местными актерами с целью рекламы. Пользователь Сети Бауржан (ник - kaz\_reporter) в своем блоге отмечает, что государственные СМИ практически игнорировали развивающееся события. Пользователь утверждает, что 5 июня информационное агентство "Казинформ" опубликовало 2 информационных сообщения.

В действительности данное информационное агентство 5 июня опубликовало 3 новости касательно теракта в Актобе. Первая новость о перестрелке появилась на сайте – в 17:34. Спустя час появляется информация о том, что в Актобе объявлен режим антитеррористической операции.

В 23:20 журналисты публикуют комментарий МВД РК о количестве погибших и